



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• 6B04104-Қаржы

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Қаржы, оның ішінде мемлекеттік, қаржылық менеджмент, банк және сақтандыру ісі, ақша айналысы, қаржы нарығы, бағалы қағаздар нарығы, салықтар және салық салу саласында базалық білім кешені бар Бакалаврларды даярлау.

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

Әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы ұйымдардың қаржы, жоспарлау-экономикалық және салық қызметтерінің, мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаржы-экономикалық қызметтерінің қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 - кәсіби қызметте экономика мен қаржының теориялық, әдіснамалық және практикалық негіздерін қолданады/ жүзеге асырады;

ОН 2-әлеуметтік-экономикалық процестердегі барлық қаржы субъектілерінің қызметін талдайды, қаржыны жоспарлауды, болжауды және реттеуді жүзеге асырады;

ОН3-шаруашылық субъектілердің, сақтандыру компанияларының, екінші деңгейдегі банктердің, бағалы қағаздар нарығының қаржылық қызметінің стратегиясы мен тактикасын әзірлейді, жергілікті бюджеттердің жобаларын және кәсіпорындардың бизнес жоспарларын жасайды, кәсіпорынның, сақтандыру ұйымдарының, коммерциялық банктердің қаржылық жағдайын бағалау бойынша есеп айырысуларды жүзеге асырады.

ОН4-мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде кәсіби және күнделікті тақырыптарда араласады/қарым-қатынаста болады, этномәдени және конфессиялық айырмашылықтарды және қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымының ерекшеліктерін ескере отырып, көп мәдениетті ортада кәсіби қызметті ұйымдастыру тәсілдерін біледі;

ОН5-қаржыгердің практикалық қызметінде, байланысты салалардағы мамандармен жұмыс істеуде, басқарушылық шешімдер қабылдауда, сондай-ақ орындаушылардың жұмысын ұйымдастыруда қарым-қатынас дағдылары мен психологиялық дайындығын көрсетеді.

ОН6-шаруашылық жүргізуші субъектілердің ағымдағы қаржы-экономикалық қызметін жүзеге асыру бойынша кәсіби міндеттерді орындайды, заманауи қаржылық және несиелік өнімдер мен қызметтерді әзірлейді және ұсынады

ОН7-қаржы нарығының әртүрлі сегменттерін құру және өзара әрекеттесу сызбаларын білуге бағдарланған

ОН8-статистикалық көрсеткіштерді есептейді және алынған нәтижелерді түсіндіреді, бухгалтерлік есеп саласындағы нормативтік талаптарды практикада қолданады

ОН9-Стратегиялық, ағымдағы және жедел болжамдарды, жоспарларды, бюджеттерді әзірлеуді ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді дайындайды; олардың мониторингін жүзеге асырады, олардың орындалу барысын талдайды және бақылайды

ОН 10-қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына бағдарланады, тәуекелдерді басқарудың оңтайлы тәсілдерін таңдайды

ОН11-инвестициялық жобаларды әзірлейді және инвестициялық жобалардың тиімділігіне бағалау жүргізеді